

EURASIA SUPPORT SERVICES ЖШС

ЖАБДЫҚТАУШЫНЫҢ
ІСКЕРЛІК ӘДЕП
КОДЕКСІ





**“ БІЗ ӘР ІСТІ ҚАУІПСІЗ,
АДАЛ ЖӘНЕ ҚҰРМЕТПЕН
АТҚАРАМЫЗ.**

**БҰЛ КОМПАНИЯНЫҢ
ФИЛОСОФИЯСЫ ”**





МАҚСАТ

Eurasia Support Services (EUSS/ «Біз») этика мен адалдықтың ең жоғары стандарттарын сақтауға мақсатты түрде ұмтылады. Бұл бізге жаһандық көшбасшы және сенімді серіктес ретінде орнығуға мүмкіндік берді. Біз күн сайын Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі мыңдаған адамға сапалы тағам өнімдері мен қосалқы қызметтерді мақтанышпен ұсынамыз.

EUSS компаниясының Негізгі Құндылықтары мен Іскерлік Әдеп Кодексі қызметкерлеріміздің шешім қабылдауына, іс-әрекеттері мен мінез-құлқына, сондай-ақ клиенттермен, жабдықтаушылармен, іскер серіктестермен және біз жұмыс істейтін қоғамдастықтармен іскерлік қатынастар орнатуға негіз болады.

Дәл осы рухта EUSS компаниясының Жабдықтаушыларға арналған Іскер Әдеп кодексі (Кодекс) біздің жеткізу тізбегіндегі серіктестерімізден (Жабдықтаушылардан / Сіздерден) күтілетін қағидаттарды, күтілімдерді және мінез-құлық үлгілерін айқындайды.

Бізбен жұмыс істейтін көптеген серіктестеріміздің өз іскерлік қағидалары бар екенін түсінеміз және құрметтейміз. Осыған байланысты біз сіздерден өз қағидаларыңызды EUSS құндылықтарымен ұштастыра отырып, осы Кодексте көрсетілген талаптарды сақтау арқылы ортақ ынтымақтастықта әрекет етуді сұраймыз.



ҚҰНДЫЛЫҚТАР



АШЫҚТЫҚ, СЕНІМ
ЖӘНЕ АДАЛДЫҚ



САПАНЫ АРТТЫРУҒА
ҰМТЫЛУ



КОМАНДАЛЫҚ
ЖҰМЫС АРҚЫЛЫ
ЖЕҢІСКЕ ЖЕТУ



ЖАУАПКЕРШІЛІК



ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ



БІЗДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫМЫЗ

Біз өз құндылықтарымызды бөлісетін жабдықтаушылармен ынтымақтастық орнатуға ұмтыламыз.

Осы Кодекс EUSS компаниясының жеткізу тізбегінде жоғары этикалық стандарттар мен қағидаттарды ілгерілетуге ықпал етеді және жабдықтаушылардың тұрақты даму мен жауапкершілікке қатысты ұстанымдарын айқындайды. Бұл — біз сіздерден және сіздердің еншілес компанияларыңыздан күтетін ең төменгі талаптар, әрі бұл Кодекс жабдықтаушылардың бұл талаптардан асып түсуіне еш кедергі келтірмейді.

Жабдықтаушылармен өзара іс-қимылдың бес негізгі бағыты мыналар:

- Бизнестегі адалдық және этикалық қағидаттар
- Денсаулық пен қауіпсіздік
- Тұрақты даму
- Үнсіз қалма! бағдарламасы
- Адам құқықтары мен еңбек стандарттары

КЕШЕНДІ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Сіздерден осы Кодексте баяндалған қағидаттар мен міндеттемелерді мүдделі тараптарға жеткізуді және өз жеткізу тізбегіңізде жауапты іскерлік тәжірибені насихаттауды күтеміз. Уақыт өткен сайын біз сізден EUSS-пен іскерлік қарым-қатынасыңызға қатысты қажетті ақпаратты ашық түрде ұсынуды немесе аудит/тексеруге қатысуды сұрауымыз мүмкін. Бұл Кодексте көрсетілген қағидаттар мен міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету — маңызды талап.

EUSS процестерде кейбір сәйкессіздіктер орын алуы мүмкін екенін және жағдайды жақсарту үшін түзету жоспарын іске асыруға уақыт қажет болатынын түсінеді. Егер жеткілікті ілгерілеу байқалмаса немесе Кодекс талаптары сақталмаса, EUSS кез келген жеткізушімен ынтымақтастықтан бас тартуға немесе шартты бұзу шараларын қабылдауға құқылы.



Уақыт өткен сайын осы Кодекске өзгерістер енгізілуі мүмкін. Кодекстің ең соңғы нұсқасы EUSS компаниясының веб-сайтында келесі сілтеме бойынша қолжетімді:
<https://www.Eusskazakhstan.com>



ЖАЛПЫ КҮТІЛІМДЕР

Бүкіл әлем бойынша бизнесті заңды, адал және этикалық түрде жүргізуді қамтамасыз ету үшін бізде нақты стандарттар мен мінез-құлық үлгілері айқындалған.

БІЗ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРДАН КҮТЕТІН ІС-ӘРЕКЕТТЕР

- EUSS компаниясымен іскерлік қарым-қатынасыңызға және қызметіңізге қатысты қолданылатын барлық заңдар мен нормативтік талаптарды сақтау. Осы Кодекстегі талаптар мен қолданыстағы заңдар/нормативтердің арасында қайшылық болған жағдайда, жеткізуші қатаңырақ талапты орындауы тиіс.
- Осы Кодексте көрсетілген қағидаттар мен міндеттемелерді ұстану және оларды күнделікті іскерлік тәжірибеде, қажет болған жағдайда – өзіңіздің ішкі саясаттарыңыз бен рәсімдеріңіз арқылы қолдану.
- Сәйкестік стандарттарын растауға және көрсетуге мүмкіндік беретін тиісті бақылау және басқару процестерінің болуын қамтамасыз ету.
- Тәуекелдерді анықтап, бағалау жүргізу және қажет болған жағдайда өз жеткізушілеріңізге, қосалқы мердігерлеріңізге және серіктестеріңізге қатысты аудит өткізу, әсіресе іскерлік адалдық, этика, адам құқықтары мен еңбек стандарттары саласындағы тәуекелдерге назар аудару.
- Қызметкерлерге талаптарды сақтау үшін қажетті ақпаратты, оқытуды және құралдарды ұсыну, сондай-ақ шағымдарын қауіпсіз түрде және салдарынан қорықпай айтуға мүмкіндік беретін механизмнің болуын қамтамасыз ету.
- Осы Кодексті сақтау мәселесіне әсер етуі мүмкін кез келген жағдайлар туралы EUSS компаниясындағы жауапты тұлғаға уақтылы хабарлау.



АДАЛ БИЗНЕС

іскерлік операцияларды этикалық нормаларға сай жүзеге асырамыз және қызметкерлеріміз бен жабдықтаушыларымыздан барлық іс-әрекеттерінде адалдық танытып, ең жоғары стандарттарды ұстануын күтеміз.

Бізбен ешқашан бөліспеңіз:

- сіз біздің бәсекелестерімізден немесе олардың ұсыныстары туралы алған ақпаратыңызбен
- сіз бәсекелестерімізге жасаған коммерциялық ұсыныстарыңызбен

Әрқашан:

парақорлық пен сыбайлас жемқорлық, бәсекеге қарсы мінез-құлық сияқты іскерлік адалдыққа қатысты кез келген күмәнді жағдайлар немесе мәселелер туралы бізге хабарлаңыз


БІЗ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРДАН КҮТЕТІН ІС-ӘРЕКЕТТЕР

- адал іскерлік қызметті¹ жүргізуге қатысты қолданылатын барлық заңдарды кем дегенде сақтау;
- іскерлік этиканы сақтау бойынша нақты міндеттемелер қабылдап, оларды белсенді түрде ілгерілету;
- ешқашан пара бермеу, пара ұсынуға тырыспау және қандай да бір түрде парақорлыққа немесе сыбайлас жемқорлыққа қатыспау, соның ішінде мемлекеттік немесе қоғамдық лауазымды тұлғаларға “жеделдету үшін төленетін ақы” түріндегі кез келген төлемдерді жүзеге асырмау;
- кез келген сыйлықтар мен құрмет белгілері;
- қабылданған, ұсынылған, сұралған немесе берілген сыйлықтар тым қымбат немесе артық болмауы және алушыда міндеттеме сезімін немесе ықпал ету әсерін туғызбауы тиіс. Біз сіздерден тендер, конкурс немесе шарт жасасу/қайта қарау кезеңінде кез келген сыйлықтар мен қонақжайлылыққа жалпы тыйым салу қағидасын сақтауыңызды күтеміз. Тіпті пара, әділетсіз артықшылық немесе мүдделер қақтығысы жайлы пікірдің өзі беделге нұқсан келтіруі мүмкін;
- бәсекеге қарсы мінез-құлыққа, монополияға қарсы немесе трестке қарсы әрекеттерге, соның ішінде орынсыз ақпарат алмасуға жол бермеу және қатыспау;
- EUSS-пен іскерлік қатынастарыңызда мүдделер қақтығысының болмауын қамтамасыз ету. Егер жеке істеріңіз, қарым-қатынасыңыз немесе өзге де мүдделеріңіз EUSS алдындағы міндеттемелеріңізге қайшы келуі мүмкін деп ойласаңыз, бұл туралы EUSS-тегі байланыс тұлғаға дереу хабарлаңыз;
- тікелей де, жанама түрде де ақшаны жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға, экономикалық немесе сауда санкцияларын бұзуға, салық төлеуден жалтаруға, ұрлыққа немесе алаяқтыққа қатыспау және жол бермеу;
- қаржы құжаттамасын, соның ішінде шот-фактураларды, барлық қолданыстағы заңнамалық және нормативтік талаптарға, сондай-ақ бухгалтерлік есептің қабылданған тәжірибесіне сәйкес дәл және ашық түрде жүргізу.

1. Іскерлік этика саласындағы қолданылатын заңдар келесілермен шектелмеуі мүмкін, бірақ оларды қамтуы мүмкін: парақорлық пен сыбайлас жемқорлық, мүдделер қақтығысы, бәсекелестік мәселелері, монополияға қарсы немесе бәсекеге қарсы заңнама, алаяқтық, ұрлық, қаржылық есепті бұрмалау, есеп пен құжаттаманы жүргізу, салық төлеуден жалтару, ақшаны жылыстату, терроризмді қаржыландыру, экономикалық және сауда санкциялары, экспорттық бақылау, адам құқықтары және қазіргі заманғы құлдық



АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ



Біздің ұстанымымыз: біз барлық қызметкерлеріміздің және іскер серіктестеріміздің, соның ішінде жабдықтаушыларымыздың, сатып алушыларымыздың, клиенттеріміздің және өзге де үшінші тұлғалардың жеке өмірге деген құқықтарын құрметтей отырып, ақпараттың құпиялығын қорғауға міндеттенеміз.

БІЗ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРДАН КҮТЕТІН ІС-ӘРЕКЕТТЕР

- деректердің құпиялылығы мен киберқауіпсіздікке қатысты қолданылатын заңдар мен нормативтік актілерді кем дегенде сақтау;
- EUSS-пен іскерлік өзара әрекеттестікке байланысты қызметтік және құпия ақпаратты тек уәкілетті тұлғалар ғана пайдалануын қамтамасыз ету;
- EUSS компаниясына қатысты кез келген құпия, жеке немесе коммерциялық ақпаратты (тиісті келісімсіз) жария етпеу;
- жеке деректер тек келісілген іскерлік мақсаттарда қолданылуын және олардың қолданыстағы заңнама мен EUSS алдындағы шарттық міндеттемелерге сәйкес жиналуын, өңделуін, жойылуын және берілуін қамтамасыз ету;
- EUSS-пен іскерлік қарым-қатынасқа қатысты барлық деректердің нақты болуын, ал кез келген қате мәліметтер жойылып, түзетіліп немесе тиісті түрде өзгертілуін қамтамасыз ету;
- EUSS-пен іскерлік өзара әрекеттестік аясындағы деректерді қорғау үшін тиісті техникалық және ұйымдық шаралар қабылдануын қамтамасыз ету;
- кез келген деректердің бұзылуы немесе ағып кетуі туралы EUSS-ке дереу хабарлау және осындай жағдайлар бойынша жүргізілетін тексерістерге толық көлемде қатысу.



АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚҰЛДЫҚ



Біздің ұстанымымыз: біз бүкіл әлемде адам құқықтарының дамуы мен нығаюын қолдаймыз, соның ішінде қазіргі заманғы құлдықты және адам саудасын жоюға бағытталған бастамаларды қолдаймыз. Біз адам құқықтарының кез келген бұзылуына немесе оларды теріс пайдаланудың барлық түрлеріне қарсымыз.

БІЗ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРДАН КҮТЕТІН ІС-ӘРЕКЕТТЕР

- адам құқықтары мен қазіргі заманғы құлдыққа қатысты қолданылатын барлық заңдар мен нормативтік актілерді кем дегенде сақтау, соның ішінде (бірақ шектелмей): жұмыс уақыты мен жұмыс күндерінің ұзақтығы, ең төменгі жалақы, артық жұмыс уақыты, үзілістер мен демалыс уақыты, ауруға байланысты демалыс пен жыл сайынғы еңбек демалысы сияқты міндетті жеңілдіктерді қамтамасыз ету және осы талаптардың сақталуын растайтын тиісті құжаттаманы жүргізу;
- барлық қызметкерлер мен жұмысшыларға адамгершілікпен қарау және кез келген еңбек қызметі ерікті түрде таңдалуын қамтамасыз ету;
- балалар еңбегін, мәжбүрлі, борыштық немесе міндетті еңбекті пайдалануға және ондай еңбек түрлерінен пайда көруге жол бермеу;
- барлық қызметкерлер мен жұмысшылар заңмен белгіленген ең төменгі еңбекке қабылдау жасына сай болуын қамтамасыз ету және балалар еңбегін, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды қанаудың алдын алуға арналған жүйелердің болуын қамтамасыз ету;
- адам саудасының кез келген түріне үзілді-кесілді қарсы болу және жеткізу тізбегіңіздегі кез келген күмәнді әрекеттер немесе қауіптер анықталған жағдайда дереу шара қолдану;
- бизнесіңіздің ішінде және жеткізу тізбегіңізде адам құқықтарының кез келген ықтимал бұзылу фактілері анықталған жағдайда шұғыл әрекет етіп, толыққанды тергеу жүргізу



КЕМСІТУГЕ ЖОЛ БЕРМЕУ, ҚЫСЫМСЫЗ ОРТА ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИЯ

Біздің ұстанымымыз: біз барлық қызметкерлер үшін қолайлы, қолдау көрсететін, құрметке негізделген және инклюзивті корпоративтік мәдениет қалыптастыруға ұмтыламыз. Біз теңдікке, амандығымызға және әділеттілікке басымдық береміз. Кез келген кемсіту, қорлау немесе қысым көрсету түрлеріне үзілді-кесілді қарсымыз.

БІЗ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРДАН КҮТЕТІН ІС-ӘРЕКЕТТЕР

- қызметкерлер мен жұмысшылардың құқықтарына, әділ қарым-қатынас пен еңбекке орналастыруға қатысты қолданыстағы заңнаманы кем дегенде сақтау
- әрбір қызметкер мен жұмыс іздеушінің тең мүмкіндіктерге және құрметпен қарауға құқығын қамтамасыз ететін, алуан түрлілік пен инклюзивтілікке негізделген жұмыс ортасын қалыптастыруға жәрдемдесу және осы бағытта қолданыстағы заңнамаға сәйкес қажетті саясаттар мен тәжірибелерді енгізу;
- жұмысқа қабылдау кезінде кемсітушілікке жол бермеу
- қызметкерлер мен жұмысшыларды кез келген түрдегі әділетсіз немесе заңсыз қысым көрсетуге, кемсітуге немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынасқа ұшыратпау және ондай жағдайларға жол бермеу, соның ішінде физикалық, ауызша, жыныстық сипаттағы немесе зорлық-зомбылықты қоса алғанда, зиян келтіретін әрекеттерге тыйым салу
- кез келген заңсыз немесе әділетсіз қарым-қатынас туралы келіп түскен шағымдар бойынша дереу шара қолдану және тиісті тергеу жүргізу





ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ



Біздің ұстанымымыз: біз қызметкерлерге, жұмысшыларға және жұмыс іздеушілерге олардың жеке ерекшеліктеріне қарамастан әділ, тең және этикалық еңбек мүмкіндіктерін, сондай-ақ (қажет болған жағдайда) жұмыс орнын ұсынуға міндеттенеміз.¹

БІЗ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРДАН КҮТЕТІН ІС-ӘРЕКЕТТЕР

- еңбек жағдайлары этикалық және қолайлы болуын қамтамасыз ету және олар кем дегенде жергілікті еңбек заңнамасы мен нормативтік актілердің талаптарына сай келуін енгізу және қолдау
- барлық жұмыс заңды еңбек қатынастары негізінде жүзеге асырылуын және қызметкерлерге еңбек шарттары мен жеңілдіктері туралы жазбаша түрде нақты ақпарат берілетінін бақылау, бұл ақпарат қолданыстағы еңбек заңнамасы мен нормативтеріне сай болуы тиіс
- жұмысқа қабылдау үдерісінің жауапкершілікпен және этикалық нормаларға сай жүргізілуін қамтамасыз ету
- жұмыскерлердің және еңбеккерлердің кәсіподақтарға ерікті түрде бірігуі және ұжымдық келіссөздер жүргізу құқықтарын мойындау және құрметтеу

1. Жеке сипаттамалар қатарына, бірақ олармен шектелмей, нәсілі, жынысы, терісінің түсі, этникалық тегі, діні, көзқарасы, жасы, мүгедектігі және жыныстық бағдарын жатқызуға болады



ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК



Біздің ұстанымымыз: біздің басымдығымыз – салауатты жұмыс ортасын құру, қызметкерлеріміздің және бізге тауарлар, жабдықтар мен қызметтер жеткізетін барлық тұлғалардың денсаулығы, қауіпсіздігі мен амандығын қамтамасыз ететін азық-түлік қауіпсіздігі мен сапа стандарттарын сақтау.

БІЗ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРДАН КҮТЕТІН ІС-ӘРЕКЕТТЕР

- EUSS компаниясымен ынтымақтастыққа қолданылатын қолданыстағы барлық заңдар мен нормативтік актілерді, сондай-ақ тиісті салалық стандарттар мен еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі бойынша рәсімдерді кем дегенде сақтау.
- қызметкерлер мен жұмысшылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі – жабдықтаушылар қызметінің барлық аспектілерінде басты басымдық болуы тиіс, бұл үшін тиісті саясаттарды, стандарттарды, рәсімдер мен жүйелерді енгізу және қолдау қажет.
- қызметкерлер мен жұмысшыларға қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын, ал қажет болған жағдайда — қауіпсіз әрі сенімді тұрғын үй жағдайын қамтамасыз ету.
- жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты сақтау мәдениетін дамыту және қолдау; қажет болған жағдайда — саясаттар мен тәжірибелерді, соның ішінде тәуекелдерді бағалау, оқыс оқиғалар мен жазатайым жағдайларды тіркеу және басқару жүйелерін енгізу.
- кез келген қауіпті жұмыс дереу тоқтатылып, қауіп немесе мәселе толық жойылғаннан кейін ғана қайта жалғастырылуын қамтамасыз ету.
- қызметкерлер мен жұмысшыларды еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша тиісті және лайықты оқытумен қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың функцияларын қауіпсіз әрі дұрыс орындауы үшін қажетті құралдар мен жабдықтарды ұсыну.
- егер бұл EUSS компаниясымен іскерлік қарым-қатынастарыңызға қатысты болса:
 - EUSS компаниясының азық-түлік қауіпсіздігі мен сапа стандарттарын түсіну және сақтау.
 - тағам өнімдерімен жұмыс істеу, оларды дайындау, сақтау және тасымалдау барысында санитариялық талаптар мен нормативтерді әрдайым сақтау.



ҚОРШАҒАН ОРТА



БІЗ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРДАН КҮТЕТІН ІС-ӘРЕКЕТТЕР

- қоршаған ортаны қорғауға қатысты қолданыстағы барлық заңдарды, нормативтерді, сертификаттар мен сіздің өнімдеріңізге немесе қызметтеріңізге қатысты техникалық сипаттамаларды, соның ішінде (қолданылатын болса) жануарлардың әл-ауқатына қатысты талаптарды кем дегенде сақтау;
- өз қызметіңізді қоршаған ортаға қамқорлықпен жүзеге асыру;
- сіздің қызметіңізбен байланысты барлық әрекеттер мүмкіндігінше қоршаған ортаны қорғауға, қалпына келтіруге және жақсартуға бағытталуы тиіс;
- мүмкін болған жағдайда, өз өнімдеріңіздің немесе қызметтеріңіздің қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға ұмтылу.

Біздің ұстанымымыз: біз өз қызметімізді қоршаған ортаны қорғау саласындағы қолданыстағы барлық заңдар мен нормативтік актілерді сақтай отырып, тұрақты негізде жүзеге асырамыз және қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға, сондай-ақ оң әсер ету мүмкіндігін барынша арттыруға белсенді түрде күш саламыз.



ҚАУЫМДАСТЫҚ

БІЗ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРДАН КҮТЕТІН ІС-ӘРЕКЕТТЕР

- мүмкіндігінше жергілікті қауымдастықтар мен аз санды топтардың кәсіпорындары мен ұйымдарын қолдау, соның ішінде жергілікті халықтың дағдылары мен мүмкіндіктерін дамытуға жәрдемдесу;
- өз қызметіңіз аясында тамақ қалдықтарын азайтуға және артық азық-түлікті жергілікті қауымдастықтар арасында қайта бөлуге қолдау көрсетуге тырысу;
- бизнес жүргізу барысында жергілікті халықтың, соның ішінде жерге меншік құқығын қоса алғанда, құқықтарын құрметтеу және ескеру.

Біздің ұстанымымыз: біз өмір сүріп, жұмыс істейтін қауымдастықтарға оң әсер етуге, жергілікті қауымдастықтарды қолдауға мүмкіндік беретін жағдайлар жасауға және өз міндеттемелеріміздің ашықтығы, этикалық сипаты және біздің құндылықтарымызға сәйкестігі қамтамасыз етілуіне ұмтыламыз.



ҮНСІЗ ҚАЛМА, СЕНІ ЕСТИДІ



EUSS компаниясының жеткізушісі ретінде сіз және сіздің қызметкерлеріңіз, жұмысшыларыңыз бен мердігерлеріңіз “Үнсіз қалма. Сені естиді” бағдарламасына қол жеткізе аласыз – бұл EUSS компаниясының бұзушылықтар туралы хабарлауға арналған құпия және тәуелсіз басқарылатын, көптілді бағдарламасы.

Біз сізді егер бір нәрсе сізге дұрыс емес болып көрінсе немесе құқыққа қарсы әрекет, қылмыстық қызмет, этикаға жатпайтын мінез-құлық немесе осы Кодекске қайшы келетін кез келген басқа жағдайларға қатысты күдігіңіз болса – өз ойыңызды ашық айтуға шақырамыз.

Біздің ұстанымымыз – егер бірдеңе күмән тудырса, ішкі түйсігіңізге сеніңіз.

“Үнсіз қалма. Сені естиді” бағдарламасы сізге хабарламаны құпия немесе аноним түрде жолдау мүмкіндігін береді. Айта кету маңызды: берілген ақпарат пен аноним болу құқығы жергілікті заңнама талаптарына бағынуы мүмкін.

Біз әрбір келіп түскен мәселені тиісті түрде тексеруге және тиісті шаралар қабылдауға міндеттенеміз. Сол сияқты, біз жеткізушілерден де кез келген тексеріс, аудит немесе сұхбат барысында толық ынтымақтастық пен ашықтық күтетін боламыз — бұл осы Кодексте белгіленген қағидаттар мен міндеттемелерді сақтау мақсатында жүзеге асырылады.

i Қосымша ақпаратты келесі нөмір арқылы ала аласыз:
+7 775 007 49 97

